

Ғылым тілі

Ғылым тілі – ғылым негізде жасалатын өзіндік қалыптасу принциптері бар, стильдік өңі ерекше әдеби тілдің ғылымға қызмет ететін бір тармағы.

Ғылым тілі көптеген ғылыми зерттеулерде ғылыми стильмен теңестіріледі.

Ғылым тілі әдеби тілдің бір тармағы, оның пайда болуы, қалыптасуы сол әдеби тілдің жасалуына тікелей қатысты.

Қай тілде ғыл.-зерт. жұмыстары жүргізіліп, ғыл. әдебиеттер жазылса, соған байланысты **ҒЫЛЫМ ТІЛІ өрбиді.**

Ғылым тілі айтылатын ойдың анықтылығын, дәлдігін, дұрыстығын және кез келген ғалым түсінерліктей дәйектілігін қалыптастыруы тиіс.

Ғылым тілі

1920-1930 жж. қазақша ғылым тілін қалыптастырған қазақ зиялыларының аса көрнекті өкілдері –

Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Х. Досмұхамедов, М.Дулатов, Е.Омаров, Ж. Аймауытов, С.Сейфуллин, Қ.Кемеңгеров, Б.Майлин, Х.Басымов, Т.Шонанов, Н.Төрекұлов, Ә.Ермеков, С. Қожанов, Қ.Жұбанов т.б. – білім беру мен ғылымды ана тілінде дамытудың негізін қалады.

Олар әрі аудармашы, әрі ғалым, әрі жазушы, әрі
сыншы болып еңбектер жазды.
1920-1930 жж. бұл еңбектерде қолданылған
терминдер арқылы ЖОО-ға арналған оқулықтар,
ғылыми-техникалық әдебиеттер көп таралыммен
қазақ тілінде басылып шықты.

№	Авторы	Кітаптың авторы	Жылы, баспасы
1	М. Дулатов	Есеп құралы	Орынбор: «Дин уа мағишат», 1914, 1918, 1925
2	Қ. Сәтбаев	Алгебра	1924, 1929
3	М. Жұмабаев	Педагогика (Баланы тәрбие қылу жолдары)	1922, 1923
4	Ж. Аймауытов	Тәрбие жетекшісі	1924
5	Ж. Аймауытов	Психология	1926
6	Ж. Аймауытов	Жан жүйесі және өнер таңдауы	1926
7	Е. Омаров	Пішіндеме	1924, 1928
8	Е. Омаров	Физика	1930
9	Х. Досмұхамедов	Жануарлар	1922
10	Х. Досмұхамедов	Табиғаттану	1922
11	Х. Досмұхамедов	Адамның тан тірлігі	1927
12	Қ. Кемеңгеров	Оқу құралы	1928
13	Қ. Кемеңгеров	Қазақша-орысша тілмаш	1927
14	С. Қожанов	Есептану құралы	1924
15	Ә. Ермеков	Ұлы математика курсы	Қызылорда: Қазақстан, 1935
16	Ә. Ермеков	Қазақ тілінің математика терминдері	Алматы, 1935
17	Қыр баласы (Ә. Бөкейханов)	Астрономия аліп-биі (К. Фламарионнан аударған)	Мәскеу, 1924. – 225 бет.
18	Қыр баласы (Ә. Бөкейханов)	Дүниенің құрылысы (Д. Граведен аударған)	Мәскеу: Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1926. – 101 бет.
19	Қыр баласы (Ә. Бөкейханов)	Жердің қысқаша тарихы (Т. Тутковскийден аударған)	Мәскеу, 1926. – 102 бет.
20	Қыр баласы (Ә. Бөкейханов)	Мұғалімдерге хат: Планеттер	Ж.М., 1926. №14-15, 21-25 б.б.
21	Ж. Кудерин	Өсімдіктану	Мәскеу, 1927

- А.Байтұрсыновтың 1912-1928 жж. жарық көрген әліппелері, оқулықтары, жазу, емле, терминология мәселелері туралы жазылған сыни мақалалары.
- М. Дулатов «Есеп құралы» (1918-1925)
- М.Жұмабаев «Педагогика (Баланы тәрбия қылу жолдары)» (1922, 1923),
- Ж.Аймауытов «Тәрбие жетекшісі» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдауы» (1926)

- Е.Омаров «Пішіндеме» (1924, 1928), «Физика» (1930);
- Х.Досмұхамедов «Жануарлар» (1922), «Табиғаттану» (1922), «Адамның тән тірлігі» (1927)
- Қ.Кемеңгеров «Оқу құралы» (1928), «Қазақша–орысша тілмаш» (1927)
- С.Қожанов «Есеп тану құралы» (1924)
- Ә.Ермеков «Ұлы математика курсы» (1935) т.б. көптеген еңбектер

Prof. ERMEK ulı ƏLİMƏAN

5(02)
E-70

9. 2

ULı MATEMATIKA KURSı
ANALITKALıQ GEOMETRIA MEN
DIFFERENSIAL ÇƏNE
INTEGRAL ESEPTƏV NEGİZDERİ

I-BÖLİM

78839



QAZAQıSTAN BASPASı

1935

Проф. А. ЕРМЕКОВ

КУРС ВЫСШЕЙ МАТЕМАТИКИ
ОСНОВЫ АНАЛИТИЧЕСКОЙ ГЕОМЕТРИИ
ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНОГО
И ИНТЕГРАЛЬНОГО ИСЧИСЛЕНИЯ.

Часть I



Она, редактор К. ЖУКОВИЧ
Тех. редактор В. АНТИПИНА
Она, корректор И. САЙМЕНОВ

Она в издательстве 26/VI/35 г.
Подписано к печати 2/IX/35 г.
Книжки № 213
Учредительский № 1.1229

Она 19 г. Москва
Формат 62x81 1/2 в. л.
Она в 1 т. Цена 51000.
Тираж 3200.

Г. Казань-Орда, типография № 2 Канцелярия. Цена 24 500.

AVTORDAN.

„Ush matematika kursu“ oki zotimnen quriladi. Biriinci noiminde asosiylikni geometriya negizlari qarastirildi; ekinchi noiminde differensial men integral negizlari najandalanib keladi.

Kitapning koleda qozarq darajeli texnika mektepleri men texnikumlariga arналган.

Sonsh men qazat, shindi odaqtaq, dalilagan, koq erjati sozotilim qurilishinda texnika maqsad, texnika yelis matematika rali ylkendigi esle alip, qalq qurtilishqa usulagan koemimiz Statu—qoldastan „texnikans menegery“ lozunqash koq aldansoda kutep, kitaptan, ush matematika ilmin oz kyel men tekseriyvelerige de, tyunikli solavsh mynkli qadar kop qarastardig qozat ilinde esle dalagan esep qojunq (Jaxunim) esep zotqandiqan, kitapta najandalgan koleda qandiqshy ising tyunikdiriy maqsat men orbi ilinde qozilagan esep qojunqarashan esep, misaldari terilip kirgidildi.

„Ush matematika kursu“ qazat ilinde biriinci teoriya zotqandiqan, bul kyuge esle qozunq qalqptanqan matematika ilminli ali bolmaqandiqan, ul oz aldana, ush matematika ilminde arnalip alinagan, shing terminler bolmaqandiqan, sonsh men qazat qumsh yalinde vaqit esliklikni bolip esle qozilqandiqan, kitaptan tyel kemeliklerish bolup mynkli.

Biraq ta qazat ilinde ilim kitaptan qazur, etc—mote qozarq darajeli mektepler yelis,—vuz stuz tarregindig qurtilishy shideti; bul solardis ky qozur men kemeli men qazat esle qin qijun mesle.

Maximni sozotiladi madenijeti ali formash ajnaldiruv, soan arashinda qalq qurtilishy sozotilim—qemish ije qaluv,—medenijet qalindaq qozmelkerlerge zar shideti qan ush tlek oke—shinen oz tyunikli mesle.

Mine, oz vaqit pen qaraganda, bul kitaptan da kerekli kemeli tijodi dep sozemiz.

Bul kitaptan qazuridan soan matematika terminleris qazuvqa kop kemeli tijon, oz kitaptan kerekli esep, misaldarda ornes qurildardan terip, qazunsh shap qozunsh esle. Kohejsh ush shajunqanqa ylkon alqes ajtamish.

ЕРМЕКОВ А. А.

26/VI—1935—61

Үй тапсырмасы

- Профессор Абдуали Баешовтің "Түркістан" газетіне берген " **ҒЫЛЫМЫ ЖОҚ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖОҚ**" атты тақырыптағы сұхбатымен танысу

<http://www.turkystan.kz/kz/interviews/view/22368>

Жаттығу. Төмендегі сөздерді кестеге орналастырыңыз.

Сөйлеу стилі	Ғылыми стиль	Ресми іс қағаздар стилі	Публицистикалық стиль	Көркем әдебиет стилі

Ауызекі сөздер, кәсіби сөздер, терминдер, канцеляризмдер, қоғамдық-саяси лексика және фразеология, қарапайым сөздер, ауыспалы мағынадағы сөздер, кітаби сөздер, диалектизмдер, жаргон сөздер, одағайлар, аббревиатуралар, көне, ескі сөздер, кірме сөздер, неологизмдер, кішірейту-еркелету мәніндегі сөздер.

Жаттығу. Төмендегі сөздерді кестеге орналастырыңыз.

Сөйлеу стилі	Ғылыми стиль	Ресми іс қағаздар стилі	Публицистикалық стиль	Көркем әдебиет стилі

Диссертация, реферат, есеп, роман, әңгіме, репортаж, поэма, өтініш, акт, ашықхат, конспект, мәлімдеме, ілеспе хат, айыптау қорытындысы, сенімхат, мысал, үнжарғы, заң, сауалнама, мінездеме, ертегі, мақала, хабарландыру, келісімшарт, жарлық, аңдатпа, баяндама.

Тапсырма. Мәтіндердің ерекшелігіне назар аударыңыз.

Жоғары май қышқылдары – бір негізді карбон қышқылдары. Ж. м. қ. адам өміріне қажетті май құрамында кездеседі. Ең маңыздылары пальмитин ($C_{15}H_{31}COOH$) және стеарин ($C_{17}H_{35}COOH$) қышқылдары. Олар иіссіз, дәмсіз, суда ерімейтін қатты заттар. Бұл қышқылдар глицериннің күрделі эфирлері түрінде өсімдік және жануар майларының құрамында болады. Пальмитин және стеарин қышқылдарын майларды гидролиздеу арқылы және алкандарды катализдік тотықтыру арқылы алады. Бұл қышқылдардың натрий тұздары суда ерігіш келеді, кәдімгі қатты сабынның негізін құрайды. Ж. м. қ-ның ерігіш тұздары сабын өндіруде қолданылады (ҚҰЭ, 4-том).

Ғылыми стильдегі мәтін.

1. Биологиялық заттардан биологиялық отын алу сонау 1776 жылдан белгілі. Онда биологиялық заттардың энергияға және тыңайтқыштарға ыдырау процесі жүзеге асады. Бұл құбылысты алғаш болып аңғарған және батпақты жерден метан газын алған Вольт еді. Оны биогаз деп атаған да Вольт еді. Сазды жерден алынған бұл газдың құрамында 61–75 % метан, 23– 28 % көмірқышқыл газы және де 1–2 % басқа газдар (азот, сүтегі, оттегі) болды. Алайда, ол кезде биогазға деген мұқтаждық болмады. Сондықтан оны өндіру, өндірісті әрмен қарайғы жетілдіру жұмыстары қолға алынбады. Жер бетінде онсыз да арзан энергия көздері жеткілікті болатын және энергия көзін тұтынуда бүгінгідей қарқындылық жоқ-тын.